

**Шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік
кәсіпорындағы Байқау кеңесі туралы ереже**

1. Жалпы ережелер

1. Осы денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық енгізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындағы Байқау кеңесі туралы ереже (бұдан әрі - ШЖҚ КМҚ «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның Байқау кеңесінің қызметі мен мәртебесін регламенттейді (бұдан әрі - Байқау кеңесі).

2. Байқау кеңесі өз қызметінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын, ШЖҚ КМҚ Жарғысын, осы Ережені және өзге де нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады.

3. Байқау кеңесі мүшелерінің саны тақ болуы тиіс, бір-бірімен және ШЖҚ КМҚ басшысымен жақын туыстық және жегжаттық қатынастарда болмайтын кемінде бес адамды құрауы тиіс. Байқау кеңесінің мүшелері ШЖҚ КМҚ штатына кірмейді.

4. Байқау кеңесінің құрамына уәкілетті органның өкілі және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес конкурстық негізде сайланатын адамдар кіреді.

5. Байқау кеңесінің өкілеттік мерзімі үш жылды құрайды. Байқау кеңесінің өкілеттік мерзімі уәкілетті орган Байқау кеңесінің жаңа құрамын сайлау туралы шешім қабылдаған кезде аяқталады.

6. Байқау кеңесінің құрамына сайланатын адамдарға қойылатын талаптар, сондай-ақ Байқау кеңесінің мүшелерін конкурстық іріктеу және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату тәртібі «Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарда байқау кеңесін құру қағидаларын, байқау кеңесінің құрамына сайланатын адамдарға қойылатын талаптарды, сондай-ақ Байқау кеңесінің мүшелерін конкурстық іріктеу және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 113 бұйрығымен бекітілген.

7. Байқау кеңесінің төрағасы Байқау кеңесі мүшелерінің арасынан Байқау кеңесі мүшелерінің көпшілік даусымен сайланады.

8. Байқау кеңесінің төрағасы:

- 1) Байқау кеңесінің жұмысын ұйымдастырады және Байқау кеңесінің шешімдерінің іске асырылуына жалпы бақылауды жүзеге асырады;
- 2) Байқау кеңесі отырыстарының күн тәртібін қалыптастырады;
- 3) Байқау кеңесінің отырыстарын шақырады және оларға төрағалық етеді;
- 4) Байқау кеңесінің кезектен тыс отырысын шақырады және оларға төрағалық етеді;
- 5) Байқау кеңесінің атынан шығатын құжаттарға қол қояды;
- 6) Байқау кеңесінің ұстанымын білдіреді және уәкілетті органға Байқау кеңесінің қызметі туралы, ШЖҚ КМК жалпы жағдайы туралы және ШЖҚ КМК мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған қабылданған шаралар туралы есеп береді;
- 7) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Байқау кеңесінің шешімдерінде айқындалған өзге де функцияларды жүзеге асырады.

9. Мынадай:

- 1) сотғылығы өтелмеген немесе алынбаған;
- 2) заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан астам осы заңды тұлғаның басшысы болған;
- 3) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;
- 4) Байқау кеңесінің басқа мүшесімен немесе ШЖҚ КМК басшысымен жақын туыстық және туыстық қатынастағы адамды Байқау кеңесінің мүшесі ретінде сайлауға болмайды.

10. Байқау кеңесінің мүшелері:

- 1) Байқау кеңесінің отырыстарына қатысады;
- 2) отырыстарға ақпараттық жүйелер мен байланыстың өзге де тәсілдерін пайдалана отырып, бейнеконференц байланыс немесе өзге де коммуникация құралдары арқылы қатысады;
- 3) өз функцияларын орындау үшін қажетті ШЖҚ ММК қызметі туралы толық және сенімді ақпарат алады. ШЖҚ ММК құжаттарымен танысады, олардың көшірмелерін, сондай-ақ құрылымдық бөлімшелер мен өңірлік филиалдар құжаттарының көшірмелерін алады;
- 4) Байқау кеңесінің отырыстарын шақырады;
- 5) Байқау кеңесінің кезектен тыс отырыстарын шақырады;
- 6) Байқау кеңесінің шешіміне жазбаша нысанда ескертулер ұсынады;
- 7) өз пікірін білдіреді, ескертулерін, ұсыныстарын, ұсынымдарын ұсынады;
- 8) белгіленген тәртіппен Байқау кеңесі отырыстарының күн тәртібіне мәселелер енгізеді;
- 9) Байқау кеңесі мүшелері жазбаша хабарлама беру арқылы өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатады.

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында, ШЖҚ КМК Жарғысында және осы Ережеде көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асырады.

11. Байқау кеңесінің уәкілетті органы - Байқау кеңесі мүшелерінің қызметін бағалауды жүзеге асыратын «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - уәкілетті орган) болып табылады. Байқау кеңесі мүшелерінің қызметін бағалау қорытындылары бойынша уәкілетті орган Байқау кеңесі мүшелеріне сыйақы төлеу туралы шешім қабылдайды. Мемлекеттік қызметшілер болып табылатын Байқау кеңесінің мүшелеріне сыйақы төленбейді.

12. Байқау кеңесінің хатшысы ШЖҚ КМК қызметкері болып табылады және Байқау кеңесінің мүшесі болып табылмайды.

13. Байқау кеңесінің хатшысы:

1) Байқау кеңесіне есеп береді;

2) Байқау кеңесі төрағасының тапсырмасы бойынша Байқау кеңесінің мүшелерін Байқау кеңесінің кезекті және кезектен тыс отырыстарын өткізу туралы хабардар етеді;

3) Байқау кеңесінің төрағасы мен мүшелерін Байқау кеңесі мүшелерінің өз міндеттерін тиісінше орындауы үшін маңызы бар қажетті ақпаратпен және құжаттамамен қамтамасыз етеді;

4) Байқау кеңесіне жолданған хат-хабарды есепке алуды жүзеге асырады және тиісті жауаптар дайындауды ұйымдастырады;

5) Байқау кеңесі мен Байқау кеңесінің төрағасы берген құжаттарды ресімдейді және оларды Байқау кеңесінің мүшелеріне және уәкілетті органға ұсынуды қамтамасыз етеді;

6) Байқау кеңесі отырыстарының хаттамаларын жүргізеді;

7) Байқау кеңесінің мүшелерін сырттай дауыс беру арқылы Байқау кеңесі қабылдаған шешімдер туралы хабардар етеді;

8) Байқау кеңесінің төрағасын Байқау кеңесі шешімдерінің тиісінше орындалмағаны/орындалмағаны туралы уақытылы хабардар етеді және Байқау кеңесі қабылдаған шешімдердің орындалуын бақылайды;

9) Байқау кеңесінің қызметін есепке алуды жүргізеді.

14. Байқау кеңесі мүшелерінің қызметін бағалау және Байқау кеңесі мүшелеріне сыйақы төлеу лимитін айқындау тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

15. Уәкілетті орган Байқау кеңесі мүшелерінің қызметін бағалауды жүзеге асырады. Байқау кеңесі мүшелерінің қызметін бағалау қорытындылары бойынша уәкілетті орган Байқау кеңесі мүшелеріне сыйақы төлеу туралы шешім қабылдайды. Мемлекеттік қызметшілер болып табылатын Байқау кеңесінің мүшелеріне сыйақы төленбейді.

Байқау кеңесінің мүшелеріне сыйақы бір жылдағы жұмыс қорытындысы бойынша ШЖҚ КМК қаржы-шаруашылық қызметінің оң нәтижесі болған кезде төленеді.

2. Шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындағы Байқау кеңесінің өкілеттіктері

16. Байқау кеңесінің келесі өкілеттіктері бар:

1) уәкілетті органға ШЖҚ КМК-ның даму жоспарының жобасы бойынша, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша қорытынды береді;

2) даму жоспарының орындалуы туралы есептің жобасын келіседі, ШЖҚ КМК-ның жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекітеді;

3) демеушілік, қайырымдылық көмектер мен қосымша көздерден алынған қаражатты, оның ішінде ШЖҚ КМК-ның иелігінде қалған таза табыстың бір бөлігін бөлу туралы шешім қабылдайды;

4) бюджет қаражаты мен қосымша көздерден алынған қаражаттың нысаналы пайдаланылуын бақылау үшін ШЖҚ КМК-ның және оның құрылымдық бөлімшелерінің құжаттамасымен кедергісіз танысады және көрсетілген қаражаттың нысаналы пайдаланылуын тексеруді жүзеге асыру үшін уәкілетті органға ұсыныстар енгізеді;

5) ШЖҚ КМК-ның басшысын тағайындау және онымен еңбек шартын бұзу мәселелері бойынша уәкілетті органның ұсыныстарын келіседі;

6) ұжымдық шартты әзірлеуге қатысады және қосымша қаржы көздерінен, даму жоспарында бекітілген қаражат шегінде ШЖҚ КМК қызметкерлерінің, басшысының, оның орынбасарларының, бас бухгалтерінің лауазымдық жалақыларына үстемеақы белгілеу, сыйлықақы беру және материалдық көмек көрсету бөлігінде шешімдер қабылдайды;

7) Байқау кеңесінің хатшысын тағайындайды, оның өкілеттік мерзімін және жалақысының мөлшерін айқындайды, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатады;

8) уәкілетті органға ШЖҚ КМК-ның жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар енгізеді;

9) ШЖҚ КМК қызметінің басым бағыттары бойынша ұсыныстар тұжырымдайды;

10) уәкілетті органға ШЖҚ КМК-ның басқа заңды тұлғаларға қатысуы туралы ұсыныстар енгізеді;

11) уәкілетті органға ШЖҚ КМК-ның филиалдарын, өкілдіктерін құру және жабу туралы ұсыныстар енгізеді.

12) ШЖҚ КМК-ның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекітеді;

12-1) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын басшының немесе алқалы атқарушы орган басшысының бос лауазымына конкурс өткізеді;

13) конкурс нәтижелері бойынша атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын басшы немесе алқалы атқарушы органның басшысы етіп тағайындауға кандидатураны уәкілетті органға ұсынады;

13-1) атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын басшымен немесе алқалы атқарушы органның басшысымен еңбек шартын бұзу туралы уәкілетті органның шешімін келіседі;

14) ШЖҚ КМК-ның ішкі аудит қызметінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін айқындайды, оның басшысы мен мүшелерін тағайындайды, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқығы болады, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі жұмыскерлерінің еңбекақысы мен сыйақы беру мөлшерін және шарттарын айқындайды;

15) қаржылық есептілік аудиті үшін аудиторлық ұйым көрсететін қызметтерге ақы төлеу мөлшерін айқындайды;

16) ШЖҚ КМК ұйымдық құрылымын бекітеді;

17) ШЖҚ КМК немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын қызметі туралы ақпаратты айқындайды;

18) Қазақстан Республикасы заңдарында немесе ШЖҚ КМК-ның жарғысында көзделген, уәкілетті органның айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

17. ШЖҚ КМК Байқау кеңесі мүшесінің талабы бойынша ШЖҚ КМК құрылымдық бөлімшелері Байқау кеңесінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша ақпарат беруге міндетті.

18. Байқау кеңесі мүшесінің өкілеттігі Байқау кеңесі мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы Байқау кеңесінің шешіміне сәйкес оның жазбаша өтініші негізінде мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

3. Шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындағы Байқау кеңесінің мүшелеріне ақпарат беру тәртібі

19. Байқау кеңесі мүшелерінің талабы бойынша ШЖҚ КМК құрылымдық бөлімшелері Байқау кеңесінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша ақпарат ұсынады.

20. Ақпаратты ұсыну туралы талап ШЖҚ КМК басшысына ШЖҚ КМК орналасқан жері бойынша тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы қойылады. Жазбаша хабарламада талап етілетін ақпаратқа немесе талап етілетін құжаттарға сілтеме қамтылуы тиіс.

21. ШЖҚ КМК басшысы Байқау кеңесінің мүшелеріне Байқау кеңесі мүшелерінің тізімінде көрсетілген мекенжай бойынша сұратылған ақпарат құпия болып табылмаса, Байқау кеңесінің мүшелеріне сұратылып отырған ақпарат пен құжаттарды үш жұмыс күннен кем емес мерзімде береді.

22. Құпия сипаттағы бухгалтерлік және басқа да ақпаратпен Бақылау кеңесінің мүшелері бес жұмыс күн бұрын ШЖҚ КМК уәкілетті органын осы туралы жазбаша хабарланған соң, ШЖҚ КМК-нің орналасқан жерінде танысуға құқылы.

4. Шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындағы Байқау кеңесін шақыру және отырыс өткізу тәртібі

23. Байқау кеңесінің отырыстары кезекті және кезектен тыс өткізіледі.

24. Байқау кеңесінің отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі, бірақ тоқсанына бір реттен кем болмауы қажет.

25. Байқау кеңесінің кезектен тыс отырыстары қандай да бір мәселе бойынша шешім Байқау кеңесінің құзыретіне қатысты болған, сондай-ақ ШЖҚ КМК мүддесі талап ететін кез келген жағдайларда шақырылады.

26. Байқау кеңесінің отырысы оның төрағасының бастамасы бойынша немесе:

1) уәкілетті органның;

2) ШЖҚ КМК басшысының;

3) Байқау кеңесінің мүшесінің талап етуі бойынша шақырылады.

27. Байқау кеңесінің отырысын шақыру талабы мыналарды қамтуы тиіс:

1) отырысты өткізуге бастамашысын көрсету (бастамашының тегі, аты, әкесінің аты немесе талап қойған органның немесе заңды тұлғаның атауы);

2) отырысты өткізу нысаны (күндізгі отырыста немесе сырттай дауыс беру арқылы);

3) отырыстың өткізілу күнін, не болмаса сырттай дауыс беру жүргізілетін жағдайда, қол қойылған сырттай дауыс беру бюллетендерін қабылдаудың соңғы күні;

4) ұсынылған талапқа жауапты жіберуді қажет ететін мекенжай.

28. Байқау кеңесінің отырысын шақыру туралы талапқа қойылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдау үшін күн тәртібіндегі мәселелер бойынша қажетті материалдар мен ақпарат қоса беріледі.

29. Байқау кеңесінің отырысын шақыру туралы талапқа Байқау кеңесінің төрағасына ШЖҚ КМК орналасқан жері бойынша тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы қойылады. Жазбаша хабарлама тапсырыс хатпен, факспен немесе электрондық поштамен жіберіледі.

30. Байқау кеңесінің отырысын, оны шақыру туралы талап түскен күнінен бастап он жұмыс күнінен кем емес уақытта Байқау кеңесінің төрағасы шақырады.

31. Байқау кеңесінің төрағасы мынадай жағдайларды қоспағанда Байқау кеңесі отырысын шақырудан бас тартуға құқығы жоқ:

1) отырысты шақыру бастамашысының мұндай талап қоюға құқығы жоқ;

2) Байқау кеңесінің күн тәртібіне енгізу үшін ұсынылған мәселелердің бірде бірі оның құзыретіне кірмейді.

32. Байқау кеңесінің отырысын дайындауды Байқау кеңесінің хатшысы жүзеге асырады.

33. Байқау кеңесінің отырысын өткізуге дайындық кезінде мынадай іс-әрекеттер орындалады:

1) отырыстың күн тәртібін қалыптастыру;

2) Байқау кеңесінің мүшелеріне отырысты өткізу туралы хабарлама жіберу;

3) ақпаратты (материалдарды) дайындау.

34. Байқау кеңесінің кезектен тыс отырысын шақыруды қоспағанда, Байқау кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарлама Байқау кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізілетін күнге дейін он жұмыс күнінен кешіктірілмей жіберіледі.

35. Хабарлама кезектен тыс отырыстарды шақыруды қоспағанда, Байқау кеңесінің хатшысы жүргізетін Байқау кеңесі мүшелерінің тізімінде көрсетілген электрондық пошта немесе электрондық пошта мекенжайлары мен телефондарға жіберіледі немесе жеке тапсырылады.

36. Байқау кеңесінің кезектен тыс отырысы немесе шұғыл жағдайларда өткізілетін Байқау кеңесінің отырысы Байқау кеңесінің мүшелеріне телефон арқылы хабарлау немесе өзге де байланыс құралдарын пайдалану арқылы жазбаша хабарламасыз шақырылады.

37. Хабарламада қамтылуы керек:

1) отырыс өткізу күні, уақыты және орны туралы мәліметтер;

2) отырысты өткізу нысаны туралы мәлімет (күндізгі отырыста немесе сырттай дауыс беру арқылы);

3) Байқау кеңесінің мүшелеріне өз ұстанымдарын баяндауға мүмкіндік беретін ақпараттық жүйелер мен байланыстың өзге де тәсілдерін пайдалана отырып, бейнеконференцбайланыс немесе өзге де коммуникация құралдары арқылы қатысу мүмкіндігі туралы мәліметтер.

4) Байқау кеңесі мүшесінің отырысқа қатыса алмайтын жағдайда алдын-ала жазбаша ескерту қажеттілігі туралы түсіндіру.

38. Байқау кеңесінің отырысына ақпаратты (материалдарды) Байқау кеңесінің хатшысы Байқау кеңесі төрағасының тапсырмасы бойынша дайындайды.

39. Байқау кеңесінің отырысында Байқау кеңесінің әрбір мүшесі күн тәртібі бойынша өз ұсыныстарын енгізуге құқылы.

40. Күн тәртібіне Байқау кеңесінің мүшелері ұсынған мәселелер енгізіледі. Белгілі бір мәселелерді қосудан бас тартуға жол берілмейді. Егер осы немесе қандай

да бір мәселе Байқау кеңесінің құзыретіне жатпайтын болса, ол қаралмайды және ол бойынша шешім қабылданбайды.

41. Байқау кеңесінің мүшелері хабардар етілген жерде немесе уақытта Байқау кеңесінің отырысын өткізу мүмкін болмайтын немесе өткізуге қиындататын мән-жайлар туындаған кезде жоспарланған күн тәртібі бойынша отырыс өзге жерде немесе өзге уақытта өткізілуі мүмкін.

42. Байқау кеңесі отырысының орны немесе уақыты өзгергені туралы Байқау кеңесінің мүшелері ол өткізілгенге дейін хабардар етіледі. Отырыс өткізілетін жердің немесе уақыттың өзгергені туралы хабарлама Байқау кеңесінің мүшелеріне Байқау кеңесінің мүшесінің хабарлама алуына кепілдік беретін кез келген нысанда, оның ішінде оның хат-хабар алған мекенжайы бойынша жіберіледі.

43. Байқау кеңесінің отырысы Байқау кеңесі мүшелерінің жартысынан астамы қатысқан кезде белгіленген уақытта басталады.

44. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша кворумды және дауыс беру нәтижелерін айқындау кезінде Байқау кеңесінің отырысында болмаған ШЖҚ КМК Байқау кеңесі мүшесінің жазбаша пікірі ескеріледі.

45. Жазбаша пікір Байқау кеңесінің отырысы өткізілгенге дейін Байқау кеңесінің мүшелеріне, Байқау кеңесінің төрағасына ұсынылуы тиіс.

46. Байқау кеңесінің отырысы барлық мүшелері оның өтетін уақыты мен орны туралы хабардар етілсе және отырысқа ШЖҚ КМК Байқау кеңесі мүшелерінің жартысынан астамы қатысса, Байқау кеңесінің отырысы заңды болып табылады.

47. Байқау кеңесінің мүшелері бейнеконференц байланыс немесе өзге де коммуникация құралдары арқылы, Байқау кеңесінің мүшелеріне өз ұстанымдарын баяндауға мүмкіндік беретін ақпараттық жүйелер мен байланыстың өзге де тәсілдерін пайдалана отырып қатыса алады.

48. Кворум болмаған жағдайда отырыс бірінші шақырылған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмей қайта шақырылады.

49. Байқау кеңесінің барлық мүшелеріне хабарланған және отырыстың ашылу уақытының өзгеруіне қарсылық білдірмейтін жағдайды қоспағанда, отырыс жарияланған уақыттан бұрын ашуға болмайды.

50. Байқау кеңесінің отырысын Байқау кеңесінің төрағасы ашады.

51. Байқау кеңесі отырысының күн тәртібіне енгізілген мәселелерді талқылау кворум белгіленгеннен кейін жүзеге асырылады.

52. Байқау кеңесінің әрбір мүшесінің дауыс беру кезінде бір дауысы болады. Дауыстар тең болған жағдайда Байқау кеңесі төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Байқау кеңесі мүшесінің өз дауысын Байқау кеңесінің басқа мүшесіне не басқа жеке тұлғаға (сенімхат бойынша) беруіне жол берілмейді.

53. Байқау кеңесінің отырысында хаттама жүргізіледі, ол өткізілгеннен кейін жасалады. Хаттамаға төраға, хатшы және Байқау кеңесінің барлық қатысып отырған

мүшелері қол қояды. Хаттамаға отырыста болмаған Байқау кеңесі мүшелерінің жазбаша пікірлері болған кезде тігіледі.

54. Байқау кеңесінің отырысында қабылданатын Байқау кеңесінің шешімдері Байқау кеңесі отырысының күн тәртібінде баяндалған белгілі бір мәселе бойынша дауыс беру қорытындылары жарияланған сәттен бастап күшіне енеді.

55. Байқау кеңесі отырысының хаттамасы қамту қажет:

- 1) ШЖҚ КМК толық атауы;
- 2) отырысты өткізу нысаны (кезекті немесе кезектен тыс, күндізгі немесе сырттай);
- 3) отырыс өткізілетін күн, уақыт және орын;
- 4) отырыс Кворумының болуы туралы ақпарат;
- 5) отырыстың күн тәртібі;
- 6) отырысқа қатысатын Байқау кеңесі мүшелерінің дербес құрамы;
- 7) келіп түскен ұсыныстарды көрсете отырып, негізгі есептер мен баяндамаларды, хабарламаларды тыңдау және талқылау;
- 8) дауыс беруге қойылған мәселелер және олар бойынша дауыс беру қорытындылары;
- 9) Байқау кеңесі қабылдаған шешімдер;
- 10) Байқау кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтер.

5. Шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындағы Байқау кеңесінің отырысын сырттай өткізу тәртібі

56. Жекелеген мәселелер бойынша Байқау кеңесінің шешімдері сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін.

57. Байқау кеңесі отырысын сырттай дауыс беру нысанында өткізу туралы шешімді қабылдауына байланысты, Байқау кеңесінің төрағасы сырттай дауыс беруге ұсынылған мәселелер тізімін қалыптастырады, сырттай дауыс беру қорытындыларын анықтау күнін, толтырылған бюллетеньдерді ұсыну мерзімінің аяқталу күнін белгілейді.

58. Байқау кеңесінің хатшысы сырттай дауыс беруді өткізу туралы хабарламаны Байқау кеңесінің әрбір мүшесіне сырттай дауыс беру үшін бюллетеньдерді қабылдау мерзімі аяқталғанға дейін жеті жұмыс күнінен кешіктірмей тапсырыс хатпен немесе қолма қол тапсырады.

59. Сырттай дауыс беруді өткізу туралы хабарламамен бірге бір уақытта Байқау кеңесі мүшелеріне бірыңғай нысандағы дауыс беруге арналған бюллетеньдер және қойылған сұрақтар бойынша материалдар жіберіледі және/немесе тапсырылады. Сырттай дауыс беруді өткізу туралы хабарламада Байқау кеңесінің төрағасы

белгілеген толтырылған бюллетеньдерді тапсыруды аяқтау мерзімі, сондай-ақ сырттай дауыс беру нәтижесін анықтау уақыты көрсетіледі.

60. Дауыс беруге арналған бюллетеньде мынадай мәліметтер қамтылуы тиіс:

- 1) ШЖҚ МКК атауы (фирмалық атауы) және орналасқан жері;
- 2) отырыстың бастамашысы;
- 3) дауыс беруге арналған бюллетеньдерді қабылдаудың аяқталу күні;
- 4) дауыс беруге арналған бюллетеньдерді қабылдау мекенжайы;
- 5) дауыс беруге қойылған әр мәселенің тұжырымдамасы және ол бойынша келесі тұжырымдағы дауыс беру нұсқалары "келісемін", "қарсы", "қалыс";
- 6) бюллетеннің Байқау кеңесі мүшесімен қол қойылу керектігін көрсету;
- 7) Байқау кеңесі мүшелерінің сырттай дауыс беру үшін толтырылған бюллетеньдерді жіберу тәсілі;
- 8) басқа да мәліметтер.

61. Байқау кеңесінің мүшелеріне сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді жіберген кезде Байқау кеңесінің төрағасы олардың дұрыстылығын және біркелкілігін өз қолымен куәландырады.

62. Байқау кеңесінің мүшесі сырттай дауыс беру үшін толтырылған және қол қойылған бюллетеньді Байқау кеңесінің төрағасына бюллетеньді қабылдау мерзімі аяқталатын күнінен кешіктірмей түпнұсқада немесе факсимильді және электронды байланыс арқылы (сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньде көрсетілген мекенжай бойынша сауалнама парағының түпнұсқасын кейін жіберу арқылы) ұсынуы тиіс.

63. Бюллетендерді қабылдау мерзімінің аяқталуына дейін хабарламада көрсетілген мерзімнен кешіктірмей Байқау кеңесінің төрағасы қабылдаған Байқау кеңесі мүшелерінің бюллетеньдері сырттай дауыс беруге қатысты деп есептеледі.

64. Хабарламада көрсетілген мерзімнен кейін Байқау кеңесі қабылдаған бюллетеньдер сырттай дауыс беруді қорытындылау және дауыстарды санау кезінде ескерілмейді.

65. Сырттай нысанда жүргізілген отырыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беру қорытындылары сырттай дауыс беруді жүргізу туралы хабарламада көрсетілген мерзімде Байқау кеңесінің төрағасы қабылдаған Байқау кеңесі мүшелері толтырған және қол қойған бюллетеньдері негізінде жүргізіледі.

66. Байқау кеңесінің сырттай дауыс беру шешімін қабылдау күні сырттай дауыс беруге арналған сауалнама парақтарын қабылдау мерзімінің аяқталу күні болып табылады.

67. Байқау кеңесінің төрағасы немесе Байқау кеңесінің сырттай отырысын шақырушы тұлға (тұлғалар), Байқау кеңесінің барлық мүшелерінен сауалнама парақтарын қабылдау күніне дейін алынған толтырылған бюллетеньдер, сырттай дауыс беру шешімін қабылдау күні сырттай дауыс беру үшін соңғы бюллетеньді алған күні болып табылады.

68. Сырттай дауыс беру қорытындылары бойынша бюллетеньдерді қабылдау күні белгіленген мерзімімен, үш жұмыс күнінен кешіктірмей хаттама толтырылады. Көрсетілген хаттама хаттаманың дұрыс жасалуына жауап беретін Байқау кеңесінің төрағасы және Байқау кеңесінің хатшысы қол қояды.

69. Байқау кеңесі мүшелері қабылдаған шешімдер және сырттай дауыс беру қорытындылары Байқау кеңесінің барлық мүшелеріне сырттай дауыс беру нәтижелері туралы хаттамаға қол қойылған күннен бастап, бес жұмыс күнінен кешіктірмей осы қабылдаған шешімдер негізінде оларға бюллетеньдерің көшірмесін қоса тіркеумен көрсетілген хаттама көшірмелерін жіберу арқылы жеткізіледі.

70. Байқау кеңесінің сырттай отырысы айына бір реттен артық өткізілмеуі тиіс.

71. Қойылған мәселе бойынша Байқау кеңесі мүшелері құрамының жартысынан көбі сырттай отырысқа қарсылық білдірген жағдайда, Байқау кеңесінің төрағасы осы мәселе бойынша сырттай дауыс берудің күшін жояды, ал осы мәселе Байқау кеңесінің кезекті отырысының күн тәртібіне енгізіледі.

72. Бұл ретте Байқау кеңесінің хатшысы сырттай дауыс беру күші жойылғандығы туралы Байқау кеңесінің барлық мүшелерін, сонымен қатар дауысқа салудың бастамашысын хабардар етеді.

6. Шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындағы Байқау кеңесі мүшелерінің жауапкершілігі

73. Байқау кеңесінің мүшелері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ШЖҚ КМК және уәкілетті орган алдында әрекеттерімен (әрекетсіздігімен) ШЖҚ КМК келтірілген шығындарына әкеп соққан зиян үшін жауапты болады.

74. Байқау кеңесінің мүшелері жауапты:

1) Байқау кеңесінің құзыретіне жататын бөлігінде уәкілетті органның шешімдерін орындамау;

2) олардың құзыретіне жататын мәселелер бойынша қабылданатын шешімдердің салдарына;

3) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес оның қасақана әрекеттерінен (әрекетсіздіктерінен) келтірілген зиян, оның ішінде: жаңылыстыратын ақпаратты немесе көрінеу жалған ақпаратты беру; Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ақпаратты беру тәртібін бұзу нәтижесінде келтірілген залалдар үшін.

75. Егер ШЖҚ КМК шығынға әкеп соққан Байқау кеңесі қабылдаған шешімге қарсы дауыс берсе немесе дауыс беруге қатыспаса, Байқау кеңесінің мүшелері жауапкершіліктен босатылады.

76. ШЖҚ КМК уәкілетті органның шешімі негізінде Байқау кеңесінің мүшесіне өзінің қасақана әрекеттерімен/әрекетсіздігімен ШЖҚ КМК-ға келтірген зиянды не залалды өтеу туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге құқылы.

7. Қорытынды ережелер

77. Байқау кеңесі өз қызметін келесі негіздер бойынша тоқтатады:

- 1) Байқау кеңесі құрылған ШЖҚ КМК қызметі тоқтатылған күннен бастап;
- 2) уәкілетті органның шешімі болған жағдайда;
- 3) құрылатын ШЖҚ КМК-ге қойылатын критерийлерге сәйкес келмеген жағдайларда.

78. Жаңа ШЖҚ КМК құрылғаннан кейін екі айдан кешіктірмей оның жанында осы Ережеге сәйкес Байқау кеңесі құрылады.